

# Күйік

## Физикалық

Жоғары температура және төменгі температура әсерінен, күн және басқада сәулелер әсерінен, электр тогы ұлпаларға әсер ету нәтижесінде жануарлар денесінде күйік патологиясы кездеседі.

Аталған патология мал қораларындағы, темір жол вагондарындағы, автотранспорттағы, шым тезектегі және басқа жердегі өрт шығудан болады.

## Химиялық

Күйіктің бұл түрі малды тасымалдап, оларды тиеп, түсіру жұмыстарында мұқият болмағандықтан қышқылдардың, сілтілердің, ауыр металл тұздардың әсерінен әсерінен жиі кездеседі.

Қойларды, қосқарларды қырыққан соң жайылымда жүріп, күннің, ультра күлгін сәулелердің әсерінен мал күйеді.

# Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
  - Күйік дәрежелері
  - Күйіктің емі
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

# Жалпы емі

Күйген кезде новокаинның 0.5 пайыздық ерітіндісін, күре тамырдан жіберу керек. Зат алмасу нәтижесін жақсарту мақсатында қан тамыры арқылы глюкозаның 40 пайыздық ерітіндісі жіберіледі. Күйгеннен кейін 6-10 сағаттан соң, өршіген улануды бәсеңдету үшін ас содасының 4 пайыздық және натрий гипосульфатының 30 пайыздық ерітінділерін қан тамырлары арқылы жіберуге болады. Сонымен қатар Плахотиннің камфорлы сары суы жіберіледі және антибиотиктер мен сульфаниламид препараттары міндетті түрде беріледі.

# Жергілікті ем

Күйіктің 1-2 дәрежелерінде оның айналасындағы жүнін қырқып, күйіктің бетін төңірегіндегі терісін спиртпен сүртіп, олектен тазалаймыз. Тазалағаннан кейін 5 пайыздық калий перманганат ерітіндісімен өңдеп, таза спирт сіңірілген дәкемен таңылады. Метилен көгінің 2 пайыздық, және бриллиант көгінің спирттегі 2 пайыздық еретіндісімен майланады, күйген аумақты спирт ректификатпен сүртеді, ерітіндісімен шайып, 5% танин ерітіндісі, 1% азот қышқылды күмісті жағады, 1% спиртті пиоктанин, бриллиант және малахит көгін жағады. Көпіршіктегі сұйықты сорып алып, 5% эфедрин жібереді. Күлдіректер түскеннен кейін жараның орны таниннің судағы 5 пайыздық ерітіндісімен шайып, инфекция түспеу үшін, азот қышқылды күмістің судағы 10 пайыздық ерітіндісімен майлайды.

# Кіріспе

Күйік деп ыстық сұйықтықтар, қышқыл-сілті, жалынның шарпуы, сәулелі ыстық, қатты ысыған заттар, электр тогы немесе электромагниттік радиацияның әсерімен теріге және одан төмен жатқан жануар денесінің ұлпаларына жасалған зиянды әрекетті айтады. 50°C температураға шалдыққан теріні 5 минуттан кейін күйік шалады. Бұл жағдайда жануардың әртүрлі мүшелері, ұлпалары және физиологиялық қажетті жүйелері бұзылады.



# Күйіктің емі

Жалпы ем



Жергілікті ем



# Күйіктің дәрежелері


Бірінші

Екінші

Бесінші

Үшінші

Төртінші



# Күйік дәрежелері

**Бірінші дәрежеде**  
эпидермистің беткі  
қабаты күйікке  
шалдығады

**Екінші дәрежеде**  
эпидермистің  
емізікше қабатынан  
басқалары күйеді

**Үшінші дәрежеде**  
эпидермис емізікше  
қабатымен бірге түгел  
бүлінеді

**Төртінші дәрежесінде**  
эпидермис түгел, тері  
асты қабаттары, фассия,  
бұлшық еттің беті  
күйеді .

**Бесінші сатысында**  
сүйекке дейін күйеді



# Күйік кезінде қолданылатын препараттар

**Вишневский**



**Ихтиол**



**Спирт**



# Күйік кезінде қолданылатын препараттар

Новокаин



Иод



Камфор майы



# Қорытынды

- Күн басқада сәулелер,электр тогы,химиялық заттардың ұлпаға әсер ету нәтижесінде жануарлардың денесінде күйік патологиясы кездеседі.Бұл жағдайда жануарлардың әр түрлі мүшелері,ұлпалары мен қажетті жүйелері бұзылады.Мал түліктерінен әсіресе қой мен ірі қара күйікті көтере алмайды,ал шошқа мен жылқы шыдамдылық танытады. Туу жақындаған жануарлар күйікте қатты ауырсынады.Күйік көбінде мал қораларындағы өрттен болады. Сол үшін сақтық шараларын сақтаған жөн.Күйген жануарға мұздай пайдалану керек

# Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ильясов Б.К., Ильясов А.Б. Алғашқы ветеринариялық жәрдем. Шымкент, 2011 г.
- 2 Ильясов Б.К., Ильясов А.Б. Ветеринариялық хирургия. Шымкент 2012 г.